

Республикалық ғылыми
ақпараттық әдістемелік журнал

ДАНА



БАЛА

№4(16)2018



Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы» РММ
Республикалық ғылыми-ақпараттық журнал

Директор:

Күмисбекова Ольга Николаевна

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сұлтангазиева Шарапат Сейсенбекқызы
ҚР Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту басқармасының басшысы, педагогика ғылымдарының кандидаты
Жумабаева Әзия Елжунқызы
Абай атындағы ҚҰПУ Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Жиенбаева Сайраш Нағашыбайқызы
ҚызПУ Педагогика-психология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Ғалымжанова Маржан Анесқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі

Редактор: Ахатова Алия

Дизайнер: Алматыва Айтолқын

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 010000
«Мектепке дейінгі балалық шақ» РММ
Астана қаласы, VIP - қалашығы, №3
тел: +7(7172)23-20-06,
www.rc-dd.kz
e-mail: danabala2017@mail.ru

Республикалық ғылыми- ақпараттық әдістемелік журналы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік есепке қою туралы №14553-Ж куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014ж.)



Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату,
педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта
в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской общественности в виде
информационного материала

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

**УАҚЫТ ТАЛАБЫ
ПРОБЛЕМА ВРЕМЕНИ**

О.Н.Күмисбекова

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жүзеге асыру.....6

**ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР
НАУЧНЫЕ НОВОСТИ**

Ф.К.Омарбекова

Баланы дамытуға арналған дәстүрлі инновациялық әдіс.....10

ИННОВАЦИЯЛАР/ИННОВАЦИИ

С.А.Омарова

Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда мүсіндеудің инновациялық әдістерін қолдану.....16

Н.В. Львова

Инновационные технологии в системе дошкольного образования.....19

Қ.Е.Овезова

Инновациялық көркем-графикалық техника арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.....23

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ**

Мусабек А.А.

Гордость малой Родины: Асылхан Бекбаев - Воин и труженник тыла.....28

Ү.Д.Абдинова

Ұлттық құндылықтарды қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін және ұлттық танымын дамыту.....31

**АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС
ВРЕМЯ РОДИТЕЛЕЙ**

Қ.Т.Баймолдина

Мадақтау – ұялшақтықты жеңудің бір жолы.....36

О.И.Пальчуковская

Детско-родительские проекты как средство привлечения родителей к взаимодействию с образовательной организацией.....39

НЫСАНА/ОБЪЕКТИВ

Г.М.Байжанова

Жапониядағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызы және ерекшелігі.....42

Ж.Борашева

Ақпараттық технология пайдалана отырып тілге үйрету.....45

БАЛА-МЕДИА/МЕДИА-РЕБЕНОК

Р.Т.Қыдырмоллаева

Балалармен жұмысты тиімді ұйымдастыру жолы.....50

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ/ЛУЧШИЙ ОПЫТ

Э.И.Умарова

Сейте вечное, мудрое, доброе.....54

Г.К.Маканова

Внедрение STEM-образования в детском саду - гимназии.....57

УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ПРОБЛЕМА
ВРЕМЕНИ

Ольга Николаевна Кумисбекова
«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығының директоры

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЛАРЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Қазақстандық білім беру саласындағы мемлекеттік саясат мектепке дейінгі білім берумен қамтамасыз ету.

Баланың дамуындағы мектеп жасына дейінгі кезеңнің маңыздылығы жыл сайын артуда. Осыған сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жаңарту білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген 3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту толығымен жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамту 93,1 пайызды құрайды.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің мазмұны ерекше назарда болып, нормативтік-құқықтық құжаттарға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді.

Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында: «2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын

бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет»- деп атап көрсетілген тапсырмасына сәйкес балаларды ерте дамыту стандарты мен бағдарласы және ерте жастағы балаларды сапалы күтуге арналған стандарттық талаптар, оларда отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді дамытуға, балаларға қолайлы әлеуметтенуге жағдай жасауға бағытталған бағдарламалық құжаттар әзірленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» бекітілді.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

5 жастан 6 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымдардағы ересектер тобы мектепалды даярлық сыныбына өтті. (2019 ж. 1 қыркүйектен бастап).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

мазмұнындағы «Қатынас» білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметін «Әліппе» толықтырды. Аталған өзгеріс 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ал, «Таным» білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметіндегі қарапайым математикалық ұғымдар, математика негіздері болып өзгертілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарында ерте жастағы тәрбиеленушілерде отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру, баланың өмірін қорғау мен денсаулығын нығайту, мәдени-гигиеналық біліктер мен дағдыларды меңгеру, тәртіп ережелерін үйрету, күн тәртібіне дағдыландыру, когнитивтік функцияларды дамыту, этикалық нормаларды үйрету, отбасында және мектепке дейінгі ұйымда балалардың бір-біріне мейірімді болуына, көңіл бөлу, қамқорлық жасау және бір-біріне көмектесу жағдайын құру, жеке тұлғаның жайлы әлеуметтенуі, эмоционалды-адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін жинақтау, балалар әрекетінің әр түрінде тәрбиелеу дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету қарастырылған.

Сонымен қатар жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, Қазақстан біздің ортақ үйіміз екені туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.

Қазақстан Республикасында «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жаңа серпін берді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты

бағыты: бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде де басшылыққа алынды.

Мемлекет басшысы бәскеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың маңыздылығына тоқтала келе: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болу керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында»-деп атап көрсетеді.

Осыған сәйкес ХХІ ғасырға лайықты сапаларға компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтыққа тәрбиелеу бастамасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында тұжырымдалады.

1 жастан 6 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасының жанартылған мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл.

Жанартылған мазмұн қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Мысалы, «Қатынас» білім беру саласы тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде балалар әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік, орыс және шет тілдерін дамытуды қарастырады.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасындағы прагматизм - білім беруге, салауатты өмір салты мен кәсіби табысқа, нақты мақсаттарға қол жеткізуге баса назар аудара отырып, ұтымды өмір сүре білу.

Салауатты өмір сүру салтының құндылықтары аясында тәрбиелеу мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің мазмұнындағы

басымдықтардың бірі. «Денсаулық» білім беру саласының мақсаты денсаулығы мықты, дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру.

«Денсаулық» білім беру саласына ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, түрлі қимылды ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен танысу енгізілген.

Мектепке дейінгі ұйымның мектепалды даярлық сыныбының түлегі тәрбиелеу мен оқыту нәтижесінде дене бітімі дамыған, білуге құмар, өзіне сенімді және белсенді, эмоционалды елгезек, әлеуметтік дағдыларды және ересектермен, құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасаудың, өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген, өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жөнінде алғашқы түсініктері бар тұлға болып қалыптасады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы бәскеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу мен оқытудың маңызы зор.

ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР



НАУЧНЫЕ НОВОСТИ



*Омарбекова Фариди Қызыркановна
Алматы қаласы, Жетісу ауданы,
МКҚК «№51 бөбекжай - балабақшасы»
меңгеруші*

БАЛАНЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН
ДӘСТҮРЛІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС

Қазіргі таңда назарымызды аударып отырған басты мәселе – ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнын міндетін жақсарту. Халқымыз бала тәрбиесіне қашан да ерекше мән берген өйткені, бала біздің өміріміздің жалғасы. Халықтық педагогика халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі ғасырлар бойы сыннан өткен тиімді әдіс-тәсіл, біздің «№51 бөбекжай – балабақшасында» алға қойған мақсат осы халықтық педагогиканы меңгеріп, оны іс - жүзінде жүзеге асыру, осыған орай бақшамызда біраз жұмыстар атқарылып келеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінде, ертеңгілік кештерде халық педагогикасы бойынша баланың бойына имандылық, адамгершілік, шыдамдылық пен шыншылдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелейміз. «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» - демекші, қазақ халқымыз өз ұрпағының өнегелі, өнерлі еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуіне бағыт бағдар беру әр тәрбиешінің міндеті. Балабақшада тәрбие ең негізгі ең алғашқы орынға қойылуы заңды. Бұл мәселе жөнінде Әбу Насыр әл - Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - деген екен. Осы орайда балалардың жан-жақты дамуына халықтық педагогиканың берері мол.


Мектеп жасына дейінгі балалармен ұйымдастырылған оқу- қызметінде ойын әдісі маңызды орын алатыны мәлім.

Н.К.Крупская ойынды өсіп келе жатқан бала организмі талап ететін табиғи қажеттілік деп сипаттайды және оның тәрбиедегі аса маңыздылығын атап көрсетеді. «Ойын өсіп келе жатқан бала организміне ауадай қажет. Ойын үстінде баланың күш қуаты толығы түседі, қолы қатайып, денесі иілгіш, көз қыралығы атып, тапқырлық, сезімталдық секілді қасиеттері, тілі дамиды. Оның үстінде балалардың бойында ұйымшылдық дағдылары қалыптасады. Өзі тап болған жағдайды байыппен талдап, төзімділікке үйренеді» - деген болатын.

Қызықты ойын әрекеті процесінде балалардағы білімдермен, іскерліктердің қалыптасуы тікелей оқуға қарағанда жылдам іске асады. Осыған байланысты, біз барлық тақырыптар бойынша ойын жаттығуларын құрғанда бүгінгі балалардың қызығушылығы мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, олардың белгілі бір ақыл-ой күшін жұмсайтындай мазмұнды құруға тырыстық, сол үшін тәрбиеші - педогогтарға жоғары талап қойылып отыр, ол оқу қызметтерін дұрыс ұйымдастыру.

Баланың бірінші әрекеті - ол ойын, сондықтан да оның маңызы ерекше.

Балабақшамыз орыс тілді болса да, жоғарыда айтып кеткендей, заманның ағымына қарай өзге ұлт өкілдері болашақ ұрпақтарының мемлекеттік тілді меңгеріп, қазақ елінің тәрбиелік мәні зор салт-дәстүрін, ертегі әңгімелерін, жұмбақтары мен санамақтарын және денсаулықтарымен оялау



кабілеттерін дамытатын ұлттық ойындарын тек балабақшада ғана емес үйлеріне барғанда отбасы мүшелерімен жалғастыратынын айтып, ата-аналар өз ризашылығын білдіріп жатады. «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма, күміс күлкі көрмей ол, кемеліне толама» қазақтың мәтелі - дегендей балабақшамыздағы әр педагогтың күнделікті жұмысында қазақтың бір ұлттық ойыны жоспарланған. Өзге ұлт балалары болғандықтан «ойынның» сөзімен, шартын қазақ тілі мұғалімі, тәрбиешімен балаларға түсіндіріп, жаттатып тілдерін жаттықтырады, балалар бос уақыттарында ойынды қызығушылықпен жалғастыра жөнеледі. Балаларды кішкентайынан өнерге, әнге баулыттын ойындар көптеп саналады, соның ішінде «Тақия тастамақ», «Айгөлек», «Ұшты-ұшты», «Қазақ үйде бұрыш жоқ» ойындары.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 5-тармағына сәйкес Республика бойынша 77 мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңа технологиялар мен білім беру бағдарламаларын апробациядан өткізу 2015 жылғы 12 қаңтардан басталды, соның ішінде біздің балабақшамыз эксперименталды

алаң болып бекітілді. Осы мәселені шешу мақсатында біз: «Мектепалды оқыту негізінде денсаулық сақтау технологияларын дамыту» - атты эксперименталдық жоба енгіздік. Осы тәжірибиенің мақсаты: денсаулық сақтауда құзырлығы дамыған балаға жаңа технологиялардың ықпалын теория және практика жағынан негіздеу болып табылады. Ең бастысы осы тәжірибиеміз балалардың рухани - адамгершілік, әлеуметтік-психологиялық денсаулығын сақтауға бағытталған. Баланы оқыту және тәрбиелеу жаңа технологияларды зерттеу мақсатында бізді В.Воскобовичтің және Н.А.Зайцевтің тәсілдері айырықша қызықтырды. Бұл тәсілдер балалардың қысқа мерзімде оқу және жазу дағдыларын ойын арқылы дамытады. Осы тәсілдер балалардың зияткерлік дамуына зор ықпалын тигізеді. Осы тәсілдер инновациялық денсаулық сақтау технологияларымен тығыз байланыста болғандықтан, біз «Мектеп алды оқыту негізінде денсаулық сақтау технологияларын дамыту» атты тақырыбымызды толық қамтыдық әрине жұмысымыз әлі де нәтижелі жалғасын табуда.

Денсаулық сақтау технологиясымен жұмыс жасай жүріп, қызметкерлерімізбен неге біз асықты қолданбасқа деген ой туындады.

Асықты алғанымыздың себебі не? Қазақтың ұлттық ойындарының ең алғашқы сатысы халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде әуелі асықты айтамыз. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады.

Жалпы асыққа тоқтала кететін болсақ, асық төрт-түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Аңдардың да тілерсек тұсында болады. Қазақта асық қасиетті саналады. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәле - жаладан аулақ, шымыр - қайратты болсын дегені. Асық патшасы – сақа. Оның ең ірі, шымыры арқардың асығы – құлжа не қолқар деп аталады. Кейде қошқардың асығын ұстайды. Шымыр, салмақты болса, қойдікі де жарайды. Иіргенде, алты қырынан түседі. Асық иірудің өз атаулары бар: алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі; тәйке (тауа) – асықтың иіріленде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие; бүк – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие; шік – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие; табан – асықтың тәйке жағы болып табылады. Сонымен қатар асық ату ойыны көз жітілігін, мергендікті дамытады, баланың бойында еріктілікті, ұстамдылық пен шыдамдылықты, қарсыласын сыйлай білу, адалдық және басқа да ізгі қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады. Асық ату ойынын таңдаған себебіміз осы. Ойымызды іске асыру үшін жан – жақты көп іздендік мәселе ұлттық кітапханамызға барып, асық туралы мәліметтер жинастырдық. Ата-аналарымызбен де бұл ойымызбен бөлісіп балаларға қазіргі таңда смартфондар мен компьютерлердің зиянды жақтарын, олардың бала денсаулығына пайдасыз екенін төмендегідей түсіндіріп дөңгелек үстелдер ұйымдастырдық.

Компьютерлік ойындар Асық ойыны Баланың жүйке - жүйесін тоздырады Баланың ойлау қабілетін дамытады Баланың бойына тұйық мінезді қалыптастырады Адамдармен тез тіл табыса білуге үйретеді

Қан айналымын бұзады Денені шынықтырады Жүрек - қан тамырларының жұмысын баяулатады Қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады Көздің көруін нашарлатады Көз қашықтықтан көруге қалыптасады Бойдың өсуіне кері әсер етеді Бойдың жылдам өсуіне көмектеседі

Ата – аналарымыз басқа ұлт өкілдері болса да бізді құптап өз үлестерін қосатынын айтып жан-жақты асық жинауға көмектесуге ниет білдірді. Солай екі ай мерзім ішінде 3236 - асық жиналды, ары қарай қызу жұмысқа кірістік, ең алдымен әр жерден жиналған асықтарды заласыздандырудан бастадық. Сол мақсатта бар асықты үйге апарып екі сағаттан астам уақыт ас содасымен кальций қосылған қоспада, қайнатып тазалап, зиянсыз лакпен бояп, алып келдім. Ең алғашқы жұмысымыз балалардың денсаулығын шыңдайтын, май табандылықтың болмауына әсерін тигізетін табанға арналған кілемше тоқудан бастадық. Себебі, адамның аяқ табандарында ағзаның дұрыс жұмыс жасауына жауап беретін негізгі нүктелер орналасқан. Аяқтарды уқалау сияқты қарапайым әрекет дененің әр түрлі мүшелеріндегі ауру туралы ұмытуға көмектеседі. Айрықша аймақтарға әсер етудің арқасында ішкі органдарға қан ағыны келіп, денсаулыққа қатысты көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оларды үш түрлі етіп дайындадық. Біріншісі, төртбұрыш етіп, ұзындығы 65 - см, ені 50 - см таза ағаштан жасалған қалыпқа ЭВА – резінкесін орналастырып оның үстіне жібек жіппен тесілген асықтардың бүк жағымен қаз - қатарлап 436 - асық тігіп дайындадық.

Екіншісі, дөңгелек ретінде диаметрі 30 - см тұратын табиғи ағаш былғарымен қапталып түрлі-түсті барқыт матамен көмкеріліп оның үстіне жібек жіппен бір қатар ұзынынан, бір қатар көлденеінен кезекпен 84- асықтан тіктік.

Үшіншісі, жабдығымыз ұзындығы 2,5 - метр, ені 50 - см табиғи таза ЭВА резінке кілемшесін 5 - 6 жастағы балалардың табан өлшеміне сәйкестендіріп, ішке және сыртқа дұрыс басуларын жаттықтыруға арналып, ойылып, желімнің көмегімен әрқайсысына 14 - асықтан толтырылды.

Әрі қарай ойымыз өз жалғасын тауып, балалардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында:



«Сандық пирамида», «Ондық ойыны», «Күпия сандық», «Асықты есептік шоттар» және мектепке дайындық топтарына сауат ашу пәніне арнап, орыс және қазақ әліпбиінің дауысты және дауыссыз дыбыстары түстермен көрсетіліп, буындарға бөлініп жасалды. Бұл жасалған дүниелер, күнделікті тәжірибиеде көрсету арқылы олардың ақыл ойы, тіл байлығы, сөздік қорының дамуына септігін тигізеді. Яғни ойын үстінде балалардың ойы, тілі дамып, бір затқа бейімділігі қызығушылығы артады. Сонымен қатар кіші топ балаларына арнап қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін асықтарды түрлі - түске бояп, «Ғажайып айналманы» жасадық.

Неліктен баланың ұсақ моторикасын дамытуымыз керек?

Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында да алатын орны ерекше. Адам миының сөйлеуге және қолдың ұсақ қозғалысына жауап беретін аумағы өте жақын орналасқан. Яғни ұсақ моторикаға стимул жасау арқылы біз сөйлеу әрекетінің белсенділігін арттырамыз. Ұсақ моторика баланың өсе келе киініп шешінуіне, сурет салуына, жазуына көмектеседі.

Тәжірибиемізді іске асыра отырып, балаларға асықтың «Тақталық» түрлерін: «Хан» немесе «Ханталапай», «Хан ату», «Бес асық»;

Асық ойынының «Алаңдағы» түрлерін: «Бәйге», «Алшы», «Бес табанды» ойнатып үйретудеміз. Осы ойындарды ауа райы қолайсыз кезде ғимараттың ішінде ойнау үшін арнайы баннердің ұзындығын – 3метр етіп, оның ішіндегі шеңберді ережеге сай диаметрі - 1,5 метр көлемінде сызылып жасалды. Бұл жабдық балбақшамыздың ішінде кез - келген бөлмеге тасымалдап апаруға ыңғайлы етіп дайындалған жабдық.

«Сиқырлы қолғаптар» - бұл уақалау – сипалау әдісіне арналған жабдықтың түрі. Әр бала жеке қолдарына киіп бір – бірлерінің арқаларына уақалау әдісімен жүзеге асырылады. Қолғаптар баланың қолын терлетпейтіндей арнайы таза матадан жасалған. Алақан тұсына таза асықтар жібек жіппен тігілген. Қолғаптармен уақалау – сипалау әдісін жасау арқа, омыртқа тұсындағы бұлшық еттердің, қан тамырларының дұрыс жұмыс жасауына пайдасын тигізеді.

Қорыта келгенде, қазір асықты көбінесе ауылдық жерлерде ойнамаса, қала балаларының асық ойнап жатқанын сирек кездестіреміз. Бірақ, қала балалары бұл ойынды ойнағанда бір - екі түрімен ғана шектеліп қалады. Асық атудың өзіндік техникаларын да сақтамайды. Қала балалары асықты иіріп атуды білмейді. Оларға асық атқанда аяғын жерге тіреп, иіліп, созылып тұрып, аяғымен ауаны сілкіп қалып атуды және сақаның қандай орны барын түсіндіріп, үйрету қажет. Қазақтың шын мәніндегі асық ойынының бірнеше түрі бар. Өкінішке қарай, қазір олар ешкім ойнамағандықтан ұмытылып бара жатыр. Сонымен, өз басым, асықты күнделікті кестедегі дене шынықтыру сабағына енгізсе деген ұсынысым бар. Ойын барысында: жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату т.б. жаттығулары орындалады. Жалпы асық ойнауды балабақша қабырғасынан бастаса, тіпті, жақсы болар еді. Себебі, жастайынан дағдыланған жеткіншек бірте - бірте шыңдалып, өзі асық ойнауға ынталанады және ол дәстүріміз бен салтымызды жеткізудің бірден - бір құралы болареді. Әйтпесе, асықтың алшы, тәйкі, бүк, шік, омпы, шомпы деген тұрысы бар екенінен хабардар болмаған бала қазақ болып жарытпайды. Олай болса, жас ұрпақтың асығы алшысынан түссін деп тілейік! Әрі қарайда осы асық ойыны балабақшамыздан бастап өз жалғасын табады деген сенімдемін. Қазақтың киелі шаңырағы шаттанып, домбыра тартылып той болып, ешқашан жауырынымыз жерге тимей, асығымыз міндетті түрде алшысынан түссін бәрімізге!



ИННОВАЦИЯЛАР



ИННОВАЦИИ

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА МҮСІНДЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

*Омарова Сандуғаш Алтынбекқызы
№150 бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі
Алматы қаласы*

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан дүниесін жан-жақты зерттеген атақты педагог Сухомлинский: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады», – деген еді. Осы тұжырымнан-ақ балалардың қол моторикасын дамытудың маңызын айқын түсінуге болады.

Мүсіндеу – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын қалыптастыру мен дүниені тануға деген қызығушылығын арттырудағы ең негізгі әрекеттердің бірі. Сондай-ақ, ермексазбен жұмыс істеу – кез келген баланың сүйікті ісі. Мұны қаламайтын бала кем де кем, ата-аналар мен педагогтар осы мүмкіндікті тиімді пайдалану керек.

Педагогикалық қызмет әрдайым жетілдіріп отыруды, жаңашылдыққа ұмтылуды талап етеді. Балалардың санасы мен қабылдауы әр жыл, әр кезеңдегі балалардың дүниеге келуімен бірге өзгеріп отырады. Соған сәйкес оларға тәрбиелік беретін мамандар да әрдайым ізденісте, өзгеріске дайын жүруі қажет. Аталған мақсатта

мен де өз тәжірибемде балаларды ерте жастан мүсіндеумен айналысудың заманауи әдістерін қолға алдым. Соның бірі – пластилинография әдісі. Пластилинография дегеніміз суреттер бейнеленген қағазға ермексазды жапсыру арқылы жасалатын қолданбалы өнер. Ермексазбен жұмыстың бұл түрі балаларға түсті сезінуге, ұсақ саусақ моторикасының жұмысын жетілдіруге және балаға жағымды көңіл-күйді сезінуге мүмкіндік береді. Мүсіндеу әрекетіндегі пластилинографияда кіші топтарда басу, сипалау, тегістеу, жалпайту, жаю тәсілдері қолданылады, ал ересек топтарда түстер бір-бірімен араластырылып, қосымша түстер алынады.

Пластилинография әдісін мектеп жасына дейінгі балаларға қолданудың ерекшеліктері:

- Балалардың ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру;

- Жаю, басу, жаншу, созу сияқты жаңа тәсілдерді игерту арқылы сюжетті суреттер құрастыруға үйрету;

- Қағаз бетін тиімді бағдарлай отырып, ермексазды жағу;

- Ой-қиялдарын дамыту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың барлығы мультфильмді жақсы көреді, сонымен дамиды, танымы кеңейеді. Пластилинография әдісін меңгеріп алған балалардың шығармашылық



мүмкіндігін мұнан әрі дамытуға өздері ұнататын мультфильм сюжеттерін қағаз бетіндегі бейнелеу жұмысы ерекше көмектеседі. Мұндай әдісті анималотерапия деп атайды. Анималотерапия жануарлармен және олардың бейнелерімен (суреттер, ойыншықтар, образдар) әрекеттесу арқылы психологиялық көмек беру әдісі. Балалармен жұмыс кезінде анималотерапия оқу-тәрбие үдерісіндегі ертегі терапиясы, қуыршақ терапиясы, ойын терапиясы, арт-терапия секілді тиімді әдістерімен тығыз байланысты. Бұл әдіс екі бағытта жүзеге асырылады: 1) табиғи анималотерапия – аты айтып тұрғандай, үй жағдайында жануарлардың өзімен тікелей әрекеттесу арқылы жүргізілетін әдіс; 2) мақсатты, яғни бағытталған анималотерапия – арнайы бағдарлама, жоспар негізінде дайындалған жануарлар мен олардың жасанды бейнелерін қолдану әдісі.

Ендігі кезекте бұл әдістің баланы дамытуға арналған негізгі функцияларына тоқталайық. Балалармен бірігіп (ересек топтарда өз бетімен) әртүрлі жануарлардың бейнесін мүсіндеңіз делік. Осы мүсіндерімен ойдан ертегі құрастыруға, сюжетті-рөлді ойын ойнауға, күйзелісті жеңуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға, тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға болады. Оны мүсіндеу арқылы бала

әріне алдымен шығармашылық қабілеттерін шыңдап, эстетикалық қабылдауын дамытады.

Жан-жануарлар – балалардың сүйікті ертегілеріндегі қаһармандар. Жаңа технология заманында ертегілердің мазмұнына анимация жасалады. Сондықтан бұл балалардың қызығушылығын арттырады. Жануарлармен өзара әрекет ету арқылы балаларда айналасындағыларды түсіну, сезіну және жанашырлық таныту қабілеттері қалыптасады. Жануарларды бақылау және олармен өзара әрекет ету баланың әлеуметтік ортада табысты бейімделуі үшін қажетті интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға дәстүрден тыс, яғни пластилинография әдісін жаңаша бағытта қолдану арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, анималотерапия арқылы балаларға әсер ету барысында олардың жануарларға деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімдерін арттыру тәрбиешінің шеберлігіне байланысты іске асады.

Мүсіндеудегі мозаика. Мүсіндеу балалардан шыдамдылықты, ұзақ уақыт тапжылмай жұмыс істеуді қажет етеді. Ал мектеп жасына дейінгі балаларда энергиясы тасып тұрады, секіріп, жүгіріп, қимылды әрекеттерге құмар келеді. Мұндайда мүсіндеудің оңай әрі қызықты жолын



ойластыру керек. Соның бірі – мүсіндеудегі мозаика. Бұл атау тәжірибе барысында туындаған. Бұлай аталуының себебі сол: мұнда мозаиканың да, мүсіндеудің де элементтері бар. Екеуін кіріктіру арқылы түрлі тақырыпта қызықты жобаларды жүзеге асыруға болады. Мүсіндеудегі мозаика әдісі балалардың ұсақ қол моторикасын дамытудың таптырмайтын жолы, сондай-ақ достықта, бірлесіп, ұжыммен жұмыс істеуге, ұйымшылдыққа баулиды. Өйткені сюжеті күрделі немесе көлемі ауқымды жұмыстарды топпен, бірнешеуі бірігіп орындауға болады. Бұл тәрбиешінің шығармашылығы мен ұйымдастыру қабілетіне байланысты.

Мүсіндеудегі мозаиканы жүзеге асыруға балалар немесе кеңсе тауарларын сататын кез келген дүкендегі ермексаз жарай береді. Мәселе оның орындалу техникасында ғана. Мозаика – кішкене бөліктер арқылы жұмыс істеуді қажет ететін бейнелеу өнеріндегі ерекше жанрлардың бірі. Мүсіндеудегі мозаиканың балаларға оңай әрі қызықтыратын ерекшелігі – ермексазды майда бөліктерге бөлуінде. Жұмысты жүргізу барысына тоқтала кетсек, алдымен қарапайым бояуға арналған суреттерді балаларға арналған сайттардан жүктеп, қаттылау қағазға шығарып аламыз. Балалармен бірге әр бөліктің қандай түстермен боялатынын анықтап алу керек.

Ортаңғы және ересек топтарда түстерді таңдауды өз еркіне қалдырған жөн. Сонан соң тәрбиеші-педагог балаларға үлкендеу ермексаз бөлігінен кішкентай бөліктерді қалай алатынын көрсетеді. Бұл кезеңде шымшу әдісін қолданады. Үзіп алғаннан кейін осы бөлшектерден шарлар жасайды. Көрсету кезінде бастысы қалам ұстайтын үш саусақтың жұмысын анық айтып түсіндіру қажет. Сонымен қатар, шарлардың неғұрлым ұсақ болған сайын соғұрлым жұмыстың сәтті шығатынын атап өту керек. Және балаларға осы ұсақ шарлардың көлемі де бірдей, шамалас болу қажеттігін ескерткен абзал.

Мүсіндеудің жоғарыда аталған инновациялық әдістері балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын арттырып, жан-жақты дамытады. Оған өз тәжірибемде қолдану барысында көз жеткіздім. Бұл әдістер мен техникаларды әр педагог-тәрбиеші өз шеберлігі мен кәсібилігіне қарай түрлендіре беруіне болады.



Львова Н.В.
 Воспитатель ясли-сада «Снегурочка»,
 г.Шахтинска, Карагандинской области

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Современные тенденции в Казахстане и стремительные перемены в социуме приводят к осознанию того, что современные дети должны знать и уметь много больше, чем их сверстники 15-20 лет назад, поэтому постоянной заботой педагогов является выбор наиболее эффективных средств обучения и воспитания. Исходя из реальных условий, для решения целей образования использую технологии развивающего обучения, которые лежат в основе технологий Ш.А. Амонашвили «Школа Жизни», «ТРИЗ» «Шаг за шагом», «Критическое мышление».

Как доказывают современные исследования, уже в дошкольном возрасте создается благоприятный фон для интеллектуального развития детей, а возраст 5 – 6 лет особо важен в плане развития способности к осмыслению причинно – следственных связей и к логическому мышлению.

На занятиях математикой, математического воображения, воображение и допущение составляют одну из основ математического мышления. А воображение и воображаемая деятельность — характерная черта души ребёнка. Исходя из этого, математика может дать обильную пищу духовным и

познавательным силам детей, если содержание этого образовательного курса направить на развитие в них такой глобальной способности, какой является математическое воображение. Способность к математическому воображению поможет ребёнку расширить сознание, ибо он соприкоснётся с действительностью разных миров. Стержнем образовательного курса «Уроки математического воображения» стали такие темы:

- Беспредельность и Вечность;
- Мироздание и Космос;
- Порядок и Гармония;
- Многообразие и Целесообразность.

На пути постижения смысла этих реалий должны быть развиты составные компоненты процесса математического воображения:

- Допущение, Наблюдение, Измерение;
- Сравнение, Суждение, Анализ;
- Доказательство, Обобщение, Интуиция;
- Восхождение мысли от конкретного к абстрактному, от общего к частному.

Развитие математического воображения, со всеми сопутствующими ему свойствами, будет опираться на определённый и особо организованный математический материал.

Перед педагогами стоит задача уже в дошкольном возрасте закладывать

позиции самостоятельности, активности, инициативности в поиске ответов на вопросы, систематизировать информацию, использовать полученные знания, умения и навыки в играх и практической деятельности. Как показывает практика, такую возможность даёт метод проектов, позволяющий педагогам расширить образовательное пространство познавательного мышления ребенка.

Сложно в полной мере осуществлять образовательный и воспитательный процессы, если не учитывать современной действительности и достижений в области науки и техники. Такие современные технические средства и источники информации, как фрагменты видеозаписей, телепередач, слайд-шоу, компьютерных презентаций, мультимедийных приложений и программ, посредством своих технических характеристик, позволяют ребёнку поддерживать познавательный интерес, ощущать радость осознания происходящего, возможность проявлять самостоятельность в обучении, поиске знаний и решении проблемных задач. Инновационные технологии позволяют моделировать такие проблемные жизненные ситуации, которые сложно или даже невозможно отобразить в образовательном процессе.

О перспективности метода проектов свидетельствуют те факты, что даёт возможность развития наблюдения и анализа явлений, проведения сравнения, обобщения и умения делать выводы, творческого мышления, логики познания, пытливость ума, совместной познавательно-поисковой и исследовательской деятельности, что является составляющими успешной личности.

Особенностью проектной деятельности в дошкольной системе образования является то, что ребенок не может самостоятельно найти противоречия в окружающем, сформулировать проблему, определить цель. Поэтому в воспитательно-образовательном процессе ДО проектная деятельность носит характер сотрудничества, в котором принимают участие дети и педагоги ДО, а также вовлекаются родители. Дошкольник еще не может быть автором, творцом, организатором проектной

деятельности. Он нуждается в помощи взрослых, которые способны понять его интересы, уважают его склонности и желания, принимают их. Опираясь на помощь взрослых, дети ищут решение проблемы через вопросы к родителям, совместные походы в библиотеку, чтение детских познавательных и справочных изданий; поездок, походов, наблюдений.

Темой проектов становится определенный раздел образовательной программы. Но если она возникла по инициативе самих детей, это очень ценно, обязательно должно найти поддержку со стороны взрослых.

Задачи обучения проектной деятельности:

- вхождение детей в проблемную и игровую ситуацию (ведущая роль педагога);
- активизацию желания искать пути разрешения проблемной ситуации (вместе с педагогом);
- формирование начальных предпосылок исследовательской деятельности (практические опыты).
- формирование предпосылок поисковой деятельности, интеллектуальной инициативы;
- развитие умения определять возможные методы решения проблемы с помощью взрослого, а затем и самостоятельно;
- формирование умения использовать данные методы, способствующие решению поставленной задачи;
- развитие желания пользоваться специальной терминологией, ведение конструктивной беседы в процессе совместной исследовательской деятельности.

Проектная деятельность проводится внутри детского сада, пошаговое проектирование всегда должно приводить к конечному результату, а именно к публичному представлению продукта проектной деятельности. Поскольку ведущий вид деятельности дошкольников – игра, то начиная с младшего возраста, используются творческие проекты, что подчеркивает специфику проектной деятельности с дошкольниками.

Целесообразно со старшими дошкольниками реализовывать в течение года разнообразные по продолжительности (кратко-, средне-,



долгосрочные), по количеству участников (индивидуальные, парные групповые и др), совместные с родителями и без них. Родителям можно предоставлять различную степень участия в проекте. Детское проектирование может быть успешным, если соблюдаются следующие условия:

- учет интересов ребенка;
- деятельность без принуждения, «от всего сердца»;
- тематика (проблема) из близкого окружения и адекватна возрасту;
- предоставление самостоятельности и поддержка детской инициативы;
- совместное со взрослым поэтапное достижение цели.

Ребенок еще мал и не может самостоятельно сформулировать проблему, в этом ему помогают взрослые. Тематика совместного проектирования могут быть: альбомы с рисунками, фотографиями и рассказами на темы: «Моя любимая сестренка», «Энергосбережение». «Планеты солнечной системы», «Домашние любимцы» и другие, которые можно часто рассматривать, показывать друзьям. До 5 лет ребенок развивается на подражательно-исполнительском уровне. Отсутствие необходимого жизненного опыта не позволяет ему в полной мере проявлять самостоятельность в выборе проблемы и способов его решения, дети с удовольствием выполняют задания, предлагаемые взрослым. Интерес к содержанию проекта зависит от удовлетворения разнообразных интересов ребенка, реализации потребностей в активной деятельности, степени самовыражения, увлеченности совместной деятельности с взрослым.

К концу пятого года жизни дети накапливают

определенный социальный опыт, позволяющий им перейти на новый, развивающий уровень проектирования. В этом возрасте развивается самостоятельность, ребенок способен сдерживать свои импульсивные побуждения, терпеливо выслушивать взрослого и других участников совместной деятельности.

Первые попытки детей самостоятельно решить проблему необходимо замечать и поощрять, сообщая ребенку о его успехах: «Ты быстро придумал!», «Вовремя пришел ко мне на помощь!». Это помогает ребенку осознать свое поведение, понять, что он делает правильно, а где допускает ошибки.

В этом возрасте активность взрослого постепенно снижается. Взрослому важно увлечься тем, что интересно детям, помочь им расширить темы проектирования. Со временем у детей наблюдается высокий уровень интереса, обусловленного познавательным и личностным развитием. Нужно стать интересным собеседником. Воспитатель - ребенок. Ребенок - воспитатель. Вселить в него уверенность, в себя.

Результаты проведенного эксперимента доказывают, что использование современных технологий деятельности в образовательном процессе ДОУ с детьми может считаться одним из возможных, доступных и эффективных средств формирования интеллектуальной активности, развития интеллектуальных способностей и качеств детей. Однако, оптимизации данного процесса будет способствовать компетентное разумное введение и применение педагогами в образовательном процессе ДО.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРКЕМ-ГРАФИКАЛЫҚ ТЕХНИКА АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

*Овезова Қырмызы Елемановна
Маңғыстау облысы
Жаңаөзен қаласы
«№26 Шапағат бөбекжай-бақша»*

Бала тұлғасын, оның рухани дүниесін қалыптастыруда эмоциялық орта маңызды рөл атқарады. Мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнерінің орны ерекше екендігін баса айтуға болады. Осы процесс бір мезетте тұтас сезімдер шоғырын құрайды: шаттық, таңдану, мақтанш, материалдардың жаңа қасиетін тануға деген қызығушылық. Кез келген шығармашылық процестің бір бөлігі әлемді бейнелі, жанды бояулармен көре білу болып табылады. Дәл осы біліктілік мектепке дейінгі жаста дамиды. Сондықтан осы шақта баланың қоршаған әлемді бейнелі қабылдау мүмкіндігін жіберіп алмаған жөн. Балабақшада инновациялық көркем-графикалық техника арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту өзектілігі мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда инновациялық көркем-графикалық сурет салу техникаларын тиімді таңдау мен іс жүзінде қолдану қажеттігімен айқындалады.

Инновациялық көркем-графикалық техникаларды қолдану мүмкіндігі

Өзінің қайталанбас дербестігін ашу балаға өзін оқуда, шығармашылықта, достарымен қарым-қатынаста бағалай білуге көмектеседі. Осы орайда бейнелеу өнері сабақтарын дәстүрден

тыс, инновациялық көркемдік-графикалық техникалармен жетілдірудің маңызы зор.

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Балалар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілетінің дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған.

Мен өз тәжірибемде инновациялық көркем-графикалық техникаларды қолдануды жөн көрдім. Осы жұмысты жүргізуде алдыма мынадай мақсат қойдым:

1. Балаларда сурет салудың техникалық дағдыларын қалыптастыру.
2. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру.
3. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Осыған орай инновациялық көркем-графикалық техникалармен танысып, оларды балалардың жас ерекшелігіне сай іріктеп таңдадым.

Көркем - графикалық техникалардың мақсаты



– баланың бойындағы әлеуетті көркемдік – шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту.

Дәстүрден тыс техникаларды пайдаланған сабақта балаларға түрлі материалдардың сапасы мен мүмкіндіктері туралы терең білім беріледі, эстетикалық, эмоциялық сезімдерін дамытады, еңбекке деген талпынысын және шеберлік ерекшеліктерін меңгеру тілегін ынталандырады. Халықтық – әсемдік өнерге араластыра отырып, келешектегі мектеп оқуына дайындайды. Балалар көркем шығармашылығы баланың жан-жақты дамуының маңызды элементі болып табылады.

Кішкентай адамның әлемі әдемі, эмоционалды. Балабақшада баланың көңіл-күйін қиялымен ұштастырып, ұмтылмастай ерекше бір сезімге бөлегім келеді. Мен өз жұмысымда балаларды әсерлендіру үшін дәстүрден тыс сурет салу техникаларын жинақтап, қолданып келемін. Мысалы, акварель және гуашь пайдалана отырып, «Бастырма» техникасын қолданамын, яғни картонмен түрлі пішіндер: үшбұрыш, шаршы, жүрек, ромбы қиып аламын. Ал балалар осы пішіндерді қайда қолдануға болатынын қарайды да, оны бояуға батырады және бастырады, берілген тақырыпқа сәйкес өз суреттерін бейнелейді. Бастырма аз және оны бәрі де қолданатындықтан топтық және ұжымдық жұмыс жүргізуге болады.

«Ысқылау» техникасы да күтпеген нәтиже береді. Тек онда түрлі түсті қарындаштар қажет

болады. Кез келген ағаш және метал бұйымдарды пайдалану қажет. Бұл балаларды қызықтыра түседі. Олар сурет салу үшін бұл заттардың не қажеті бар деген сұрақ қоя бастайды. Ал бәрі де қарапайым. Әкелген кез келген бұйымды сурет дәптер парағымен жабамыз (мысалы, 100 теңге – тиын түрі), үстінен бастырамыз және ылғал бояу қарындашпен үстінен басамыз да суретін қағаз бетіне түсіреміз. Бұл суреттерді қайда қолданатынын балалардың өздері қиялдайды.

«Дақтармен де суреттейміз» атты оқу іс – әрекеті барысында қара және ақ «Монотипия» техникасын қолданамыз. Қылқаламды бояуға (гуашь) батырып, таза қағаз бетіне бірнеше тамшы шашыратамыз. Қағазды қақ ортасынан бүгіп, жақсылап сипаймыз, ашамыз да кебуге қоямыз. Тапсырма: мұқият қараңдар, біздің дақтарымыз неге ұқсайды екен, әрі қарай суретті аяқта.

Моншақтар (желімдеу), макарон өнімдері, көкөністер, далап, түсті қағаздар, құс қанаты – ұлпа жүні, мата қиындысы және жіп үзіктерін пайдаланып, техниканы түрлендіруге болады.

Дәстүрден тыс сурет салу техникаларының бірқатары мынадай: саусақ әдісі, алақан әдісі, қағазды жырту, қағазды умаждау, қағазды ылғалдау, ысқылау, айна әдісі, бастырма әдісі, майшам және бояу-акварель, трафарет, тамшы әдістері және түрлі материалдардан құрастыру т.б.

Мысалы, «Әдемі балықтар» тақырыбында



алақан әдісін аламыз. Екі-үш жасар балаларға алақанмен сурет салу өте қызықты.

Бала алақанын ыдысқа құйылған гуашка батырады немесе қылқаламның көмегімен (бес жастан бастап) оны бояйды да, қағазға алақанымен таңба қалдырады. Әртүрлі түске боялған оң қолымен де, сол қолымен де суреттейді. Қағаз бетінде әдемі балықтар не басқа да бейнелер пайда болады, содан соң қолдарын ылғал сүрткішпен сүртеді.

Дәстүрден тыс сурет салу техникалары балаға қоршаған ортадан алған әсерін жеткізе білуге мүмкіндік ашады.

Сурет салу бала үшін қуанышты, шабытты еңбек, оған мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Бірақ бейнелеу өнерінің жаңа мүмкіндіктерін біртіндеп аша отырып, сәбиді ынталандыру және қолдау өте қажет.

Бейнелеу өнерін ұйымдастырғанда дәстүрден тыс ықпал жасау балаларды таң қалдырады, осындай қызықты іс-әрекетпен айналысуға ынталандырады. Нұсқа суреттер баланың креативті мүмкіндігін ашады, түстерді, олардың сипатын және көңіл-күйді сезінуге мүмкіндік береді.

Инновациялық техникаларды қолдану балалардың шығармашылық қабілетін дамытуды көздейді. Балалардың елестетуін және қиялын дамытады. Ұжымдық жұмыс машықтарын тәрбиелейді.

Дұрыс техникалық дағды бала бойында оқу іс – әрекеті барысында дамып, қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Балалар бақшасында сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және қара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттарға қызығушылықтары артады. Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. «Ғарыш әлемін бейнелегені» балаларға өте ұнады. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің: «баспамен», «саусақтармен» «шашырату» сурет

салу да үйретілді.

Өз тәжірибемде балалардың 4 жасынан бастап шығармашылығын оятып, әлемді «жанды» бояулармен көре білуге үйретуді көздеймін. Мектепке дейінгі шақта ойын іс-әрекеті белсенді қолданылады. Түрлі ойыншықтар мен бұйымдардың көмегімен алдағы бейнеленетін суреттің желісін көркем сөзді қолдана отырып, балалармен сахналап ойнаймын. Осындай әсер балаларды қызықтырып, зейінін ұзақ тұрақтандыруға, қажетті эмоционалды жағдай құруға мүмкіндік береді. Ерте жастан-ақ тұлға іргетасы қаланады, сондықтан да мен балалардың бойындағы шығармашылық ұшқынын жандандыру қажет деп ойлаймын. Егер біздің кішкентай суретшіміз үсті-басын шатпақтап бүлдіріп алса, бұл қорқынышты емес, бастысы – ол бояуларымен жұмыс жасай отырып, одан ләззат алуы, яғни қанағаттануы және өз еңбегінің нәтижесіне шаттанғаны маңызды.

Көрме–баланыңшығармашылықжұмысының қорытындысы. Көрмеге балалар жұмысын таңдау, оны дайындау және ашылу салтанатына қонақтарды шақыру – адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан маңызды. Баланың әр шығармашылық туындысы қайталанбас дербестігімен және автордың әлемге деген көзқарасы, қарым-қатынасымен ерекшеленеді. Әуел бастан әр баланың қабілетіне сену оның дарындылығын дер кезінде ашуға және дамытуға деген аса жауапкершілікті жүктейді. «Әр бала- суретші, өзінше бір жұлдыз» деген ұстаным әділ, сондықтан да жауапты.

Сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін меңгере отырып, мен мынадай шешімге келдім: егер сізге сабақ барысында балалар қызықтырып, көздерінен от ұшқыны шашып тұрғаны ұнаса, егер әр оқу іс –әрекеті барысы мереке болсын десең, егер сен рахаттана күліп, таң қалып және ақылды, шығармашылықпен ойлайтын балалармен қарым-қатынас жасағың келсе – олармен бірге бақылап, суреттеп, әсерлендіру қажет.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

ГОРДОСТЬ МАЛОЙ РОДИНЫ: АСЫЛХАН БЕКБАЕВ - ВОИН И ТРУЖЕННИК ТЫЛА

*Региональный конкурс
исследовательских проектов
«Мой родной край», посвященный
празднованию Дня независимости
Республики Казахстан.*

*Мусабек А.А.
КГКП «Усть-Каменогорский
Политехнический колледж»
управления образования
Восточно-Казахстанского
областного акимата*

Семипалатинский регион богат различными историческими событиями и датами. Нынешний год был богат на знаменательные события. В числе памятных дат – 160 лет со дня рождения поэта, философа Шакарима Кудайбердиева, 300 лет со дня основания г. Семей, 135 лет со дня открытия общественной библиотеки города и историко-краеведческого музея и 115 лет с основания учительской семинарии, ныне – Семипалатинского педагогического колледж им. М.О.Ауэзова.

Один из современных педагогов, внесших значительный вклад в развитие старейшего учебного заведения, по подготовке педагогических кадров является Бекбаев Асылхан Табылдинович.

Бекбаев Асылхан Табылдинович родился в 1924 году в селе Семеновка Бескарагайского района бывшей Семипалатинской области, в семье крестьянина. В 1931-1932 годах, будучи ребенком, испытал невероятные трудности страшного голода, потерял близких родственников. Тогда несколько месяцев находился в детских домах. В 1940 году, окончив с похвальной грамотой Семеновскую неполную среднюю школу, поступил Семипалатинский геолого-разведочный рабочий факультет. Успел

окончить только 2 - й курс , так как рабфак был закрыт в связи с началом войны.

В июне 1942 года был призван в армию, зачислен курсантов авиационных механиков Селишенской военной школы из Ленинграда в г. Петропавловск. По окончании военной школы, в сентябре 1943 был направлен в распоряжение 13 истребительного авиаполка, с ноября 1944 пода в составе 6 гвардейской бомбардировочной авиационной дивизии (134 авиаполка), участвовал в освобождении Белоруссии, Прибалтики, Восточной Пруссии. Окончание войны встретил под Кенигсбергом (ныне Калининград). После окончания войны в связи с обострением отношений СССР с Соединенными Штатами Америки и их союзниками пришлось служить на территории бывшей Восточной Пруссии еще 5 лет. Демобилизовался из армии только в марте 1950 года.

После войны Асылхан Табылдинович окончил полную среднюю школу, Семипалатинский педагогический институт имени Н.К.Крупской, получив специальность учителя русского языка и литературы. Поработав недолго преподавателем русского языка и литературы в педагогическом училище, работал инструктором и методистом-консультантом Семипалатинского обкома партии.



выполняла задания белорусских партизан, была связисткой, также награждена медалью «За освобождение Беларуси».

Асылхан Табылдинович проработал директором в педагогическом училище свыше 24-лет. В колледже имеется музей, названный в честь его имени.

По инициативе директора педколледжа Жанаевой Шагангуль Алдамжаркызы, был снят документальный фильм, посвященный истории этого учебного заведения, в выпуске которого оказала содействие его внучка Майя Бекбаева.

Учебное заведение в этом году на международном уровне отметил 115-летний юбилей. В рамках празднования вышла в свет книга «Алаштың білім ордасы», в которой нашла отражение его вековая история.

В колледже открыт музей, освещающий историю учебного заведения. В стенах данного учебного заведения получили образование М.О.Ауэзов, Ж.Аймаутов, К.Сатпаев, А.Маргулан; Герои Советского союза И.Айтыков, В.Бунтовских, В.Шулятиков; Герои Социалистического труда Ж.Чайжунусов, М.Носова, Д.Парий; писатель А.Нуршаихов; первый казахский генерал, министр внутренних дел Казахской ССР Ш.Кабылбаев; министр образования Казахской ССР А.Сембаев; член Международного женского конгресса, общественный деятель Ф.Халитова, а также многие другие видные деятели. Во дворе педучилища установлен бюст, изображающий образ юного семинариста Мухтара.

Являясь почти четверть века директором старейшего в Семипалатинске учебного заведения, он сделал немало для того, чтобы в полной мере соответствовать статусу лучшего учебного заведения республики.

Находясь на заслуженном отдыхе, Асылхан Табылдинович многие годы продолжал заниматься общественной работой: избирался членом президиума городского Совета ветеранов войны, труда и вооруженных сил, принимал участие в работе городского музея Боевой Славы, выступал в воинских частях Семипалатинского военного гарнизона, учебных заведениях и школах города Семипалатинска. Он также является членом городского Совета аксакалов. [3]

С июля 1963 года до ухода на пенсию (май 1987 года) работал директором Семипалатинского педагогического училища имени М.О.Ауэзова (ныне педколледж). За время работы директором педучилища в 1963 году было построено: общежитие учащихся на 500 мест, весь комплекс хозяйственных построек (котельная, прачечная, гаражи, склады).

В 1987 году построен трехэтажный учебный корпус со всеми необходимыми инженерными коммуникациями.

По ходатайству педагогического совета в 1976 году учебному заведению было присвоено имя Мухтара Омархановича Ауэзова.

За период работы директором этого учебного заведения коллективом педучилища подготовлено свыше 6000 учителей начальных классов и работников дошкольных учреждений. Педучилище трижды награждалось переходящими просвещения СССР и Казахской ССР и ЦК Профсоюза работников просвещения.

Супруга Бекбаева А.Т. - Татьяна Федоровна по национальности белоруска, в период войны

«Мы, ветераны, считаем своим священным долгом - воспитывать подрастающее поколение в духе преданности своему народу и Независимому Казахстану», говорит сам Асылхан Табылдинович.

Список использованной литературы:

Хасенова А.И. «Соғыс менің тағдырымда». М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі «Нұр Отан» ХДП бастауыш партия ұйымы, 2010;

Официальный сайт КГКП «Педагогический колледж имени М.О.Ауэзова»;

Палу Д. Вечная слава героям! Вести Семей, 2010. — 13 мая;

Общественно-политический журнал «Время». Лэйла Тастанова, 2018



Абдинова Үміт Даутқызы
Екібастұз қаласы №23
«Балауса» мектепке дейінгі гимназия
әдіскері

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫН ДАМУ

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін жан-жақты тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте педагогикалық үрдістің жалғасын табатыны бәрімізге белгілі.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы басты міндеттерінің бірі – өз Отанына деген елжандылық сезімін жас ұрпақ бойына сіңіріп, ұлттық тәлім тәрбие беру, халық педагогикасы арқылы баланың дүниетанымын қалыптастыру, әр халыққа тән салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты білуге тәрбиелеу болып отыр.

Ұлттық педагогика – ұлттық мәдениеттің негізі. Ұлттық педагогиканың мақсаты – халықтық салт дәстүрді, ұлттық өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қастерлейін, Отанын, елін, жерін сүйетін жан-жақты жетілген саналы, намысқой ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақ ұлттық педагогикасы – ұлтымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени үрдістерін жас ұрпаққа үйретіп одан әрі өркендетуге арқау болатын асыл ғылым.

Халықтың тіл қазынасын байыту, тілді қоғамдық өмір тіршілігінің нақты құралы ету, оны жетілдіріп, дамытып, дәуір талабына

орай көріктендіріп, ұстарта білу – нағыз өнер екені белгілі. Ата – бабамыз жасаған асыл мұраны меңгерту, болашақ ұрпақ игілігіне меншіктеу, ізгілікке, адамгершілікке, дербес ой қабілеттілігіне, өздігімен еркін әрекет жасауға, ата – анаға, айналасына жүрек сезімін оятып ана тілін қастерлеуге үйрету, оның музыкалық әуезін санасына ұялатып, зердесіне жеткізудің барлығы баланың нәрестелік шағынан басталатыны баршаға аян.

Сол себептен халық ауыз әдебиетінде «Бесік жыры», «Қаз, қаз бас», «Әлди, әлди ақ бөпем» сияқты ана жүрегінің жылуын төге жырланатын өлең жырлар қазіргі ұрпаққа тіл үйретудің қайнар көзі.

Тілді дамыту жұмысының қызғылықсыз, үстірт, жүйесіз өтілуі нәтижесінде көп ретте баланың сөздік қорындағы жұтаңдық әрі жұрынылық жиі ұшырасады. Балаларда ауызекі сөздерге кедейлік, қойылған сұраққа бір ғана сөзбен жауап берушілік байқалады. Ана тілін еркін меңгеріп, түсінбейтіндер өз тілінде сөйлеуге қысылып, намыстанатын жағдайға кездесіп отырғаны мәлім.

Сондықтан бала ана тілін еркін меңгеруі үшін балабақшада бүлдіршіндерді саралап оқыту

ҰОҚ	Қазақ этнопедагогикасы материалдары				
	Қазақ балалар фольклоры	Салт-дәстүрлер	Ұлттық өнер	Ұлттық ойындар	Этноэкология
Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу	Балалар айтысы, өтірік өлеңдер, тәжікелесу, Сұрамақтар Қызықтама-лар	Бесік жырлары, бата-тілектер, тиым сөздер, ұлттық салт-дәстүрге байланысты тақпақтар мен әңгімелер	Қол өнері Халық шеберлері және олардың жасаған бұйымдары жөнінде әңгімелесу Саз өнері Халық әндері, күйлерін тыңдау	Сөзбен ойнайтын ойындар: “Сен тұр сен шық”, “Ұшты-ұшты”, “құстар қалай сайрайды?” “Сөз табу”, т.б	Табиғат туралы тақпақ, әңгімелер

қажет. Яғни тілді нашар білетін (немесе мүлдем білмейтін) балалармен бір бөлек, тілі жатқан, сөйлей білетін балалармен бір бөлек жеке жұмыстар жүргізілсе тиімдірек болар деген ой түйіледі.

Тіл дамыту жұмыстарын қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ауыз әдебиеті негізінде ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін анықтау, ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармашылығы - ғажайып ертегілері, мақал – мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар, қызықтамалар, мазақтамалар, ырымдар- тәрбие әліппесі, өнер көзі. Ауыз әдебиеті нұсқалары өзінің құпия сырымен, көркем де күлдіргі, бейнелі, ойналық сөзімен баланы өзіне қызықтырып, еліктіре баурап алатыны, ғажайып дүние әлемімен таныстыратыны ежелден ақ мәлім.

Шағын әңгіме, ертегі, тақпақ, оқиғаны басталу, аяқталуын оқиға не? Кім? жайында екенін аңғартып, түсіндіріп, ауызша жоспар негізінде талдау тәсілдерін меңгерту.

Халықтық педагогиканың саласы мол, мазмұны бай. Оны халқымыз үзбей тәлім-тәрбие

ісіне пайдаланып келеді. Ұлтымыздың ұлағатты дәстүрлерін келешекте де кеңінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету борышымыз.

Ол үшін не істеуіміз керек? Халық педагогикасын пайдалану ісі одан әрі дамытылып балалар бақшасында «Ертегілер әлемінде» бөлмесімен қатар, ұлттық-фольклорлық қойылымдар, музыкалық ойындар, тіл ширату, дәрістері ұйымдастырылады. Бәрінде де ертегілер, жұмбақтар, санамақтар, ұлттық ойындар пайдаланылады.

Осындай тәрбие түрлерін алға қоя отырып, оқу қызметінде, одан тыс кезде мынандай әдістер арқылы ұрпақты тәрбиелеуге болады. Ойын ұйымдасқан қызметтің соңында болса тақырыпты бекіту не сол тақырып бойынша алған білімді жинақтау мақсатында пайдаланылады.

Кемеңгер ұстаз Ы.Алтынсарин ұлағатты сөздерді, педагогикалық мұраларды халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңғырту кезеңінде кең мағынада насихаттау әрбір ғалымның, әр ұстаздың борышы болуы қажет.

ҰОҚ	Қазақ этнопедагогикасы материалдары				
	Қазақ балалар фольклоры	Салт дәстүрлер	Ұлттық өнер	Ұлттық ойындар	Этно экология
Ән-күй	Балалар айтысы, ақындар айтысы, жануарлар айтысы өтірік өлеңдер т.б	Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер: шілдехана, бесік жыры, ұлттық мерекелер т.с	Халық әндері, күйлер, би өнері, ұлттық аспаптармен таныстыру, ойнау.	Әуендік ойындар: “тақсыр хан”, “Қай аспаптың үні”, жануардың, құстың дауысын салу” т.с.с	Үй және жабайы аңдарды әуен арқылы бейнелеу.



Халықтық педагогика белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән, ерекшелігі бар дүние танымдық, тәрбиелік мәдени мұрасы.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол, терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Халық педагогикасының тағы бір саласы – жас ұрпақтың өз тегін жете білуі.

Яғни, шежірені білу-ұрпақ тәрбиесінде үлкен орынға ие болып отыр.

«Жеті атасын білмеген жетесіз»- деп, қазақ баласының тілі шыға бастағаннан-ақ ата-тегін жаттатқан.

Біз ұлттық педагогиканы қолдануда баланың тілімен бірге ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелейміз.

Бала түсінігінің эстетикалық жақтан

қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады.

Қаншама заман өтсе де, маңызын жоймаған халықтық педагогиканы тәлім-тәрбиенің туы қазығына айналдыру ата-ананың да, балабақшаның да басты борышы.

Халықтық педагогика дәуірдің небір қатал сынынан өтіп, жаңарып, шым болаттай тіршілік тынысы және салт-дәстүрлері мен біте қайнасып, бірге жасалып келе жатқан қазына. Соңғы кезге дейін тәрбиеде халықтық педагогикаға өз деңгейінде мән берілмей келді.

Сондықтан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып өмір сынынан өкшеленіп өшкен бүгінгі өмірге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді білу әрбір отбасының, тәрбиеші-ұстаздардың абыройлы міндеті.

Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері салынып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір ұстаз сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті.

Біз – арымыз берік, саналы салтымыз шындалған халықпыз!



АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС



ВРЕМЯ РОДИТЕЛЕЙ

МАДАҚТАУ – ҰЯЛШАҚТЫҚТЫ ЖЕҢУДІҢ БІР ЖОЛЫ

*Баймолдина Қарлығаш Тлеуханқызы
Алматы облысы,
Талдықорған қаласы
№10 балабақшасы*

Ұялшақтық, ұяңдық негізінен адамда бала кезінен пайда болады. Одан бала кезден арылмаса, есейген сайын ол түрлі кедергілерге алып келеді. Табиғатынан ұяң бала сол кедергілерден өте алмауы, қиындықтарға төтеп бере алмауы мүмкін. Бір-екі рет төтеп бере алмаса, біртіндеп оның барлығы бала бойына жинақталып, тұйықталуға, іштен тынуға ұласады да, әрекетсіздіктерге ұшырағанда үнсіз келісіп, күресуден бас тартады. Тіпті, баланың өзін-өзі бағалауы да төмендей бастайды.

Енді бір ұялшақ балаларға тән қасиеттердің бірі – олар не нәрсені болсын жүректеріне өте жақын алады, өкпешіл болып келеді. Олар қарым-қатынасқа түсуден қашқақтайды, ешкімнің өзіне жақындамауын, тиіспеуін қалап тұрады. Мұндай жағдайда баланы өз іс-әрекеттеріне сенімді етіп, күшіне сендіріп үйрету керек. Баланың өз көзқарасын дәлелдеп шығуға дағдыландыру қажет. Кейбір балаларда ұялшақтық, қиялы бәсеңдіктен, ойлау қисынының толық дамымауынан, баяу қимылдың әсерінен болып жатқандықтан, ақыл-ойды дамытуға көп көңіл аударған жөн. Әсіресе, балалар өте жоғары бағалайтын кеңпейілділік, жомарттық, ақылдылық қасиеттерін дамытуға тырысу керек.

Өзін үнемі жолы болмайтындай сезіп, өмір

сүруге деген құлшынысы азаяды, тіпті өзін жек көріп кетеді. Сол үшін де балаңыздың қай ісіне де қолдау танытыңыз, міндетті түрде мадақтап, ынталандырыңыз. Бұл балаға өз қолынан іс келетіндігіне сенімді болуына көмектеседі.

Мадақтау – ұялшақтықты жеңудің бір жолы. Бала жарық өмірге еш қорғансыз, дәрменсіз қалыпта келеді. Оның өмірі мен денсаулығы, болашағы оның айналасындағы ересектерге, ата-анасына, отбасына тікелей байланысты. Сондықтан, жұмыстан қанша шаршап келсеңіздер де балаларыңызға міндетті түрде уақытыңыздың бір бөлігін арнаңыз. Махаббат пен ізгілік аясында есейген, ержеткен, өсіп-өнген бала кейін айналасына да көп жақсылық әкелмек. Үйде дауыс көтеріп ұрыспауға тырысыңыздар, өйткені, онсыз да тұйық балаңыз әкесі не анасы туралы теріс ойлап, іштей реніш қалыптастыруы мүмкін. Қалай дегенде де отбасындағы тыныштық пен береке – бала тәрбиесінің алтын қазығы. Олар өте сезімтал, нәзік, ата – ананың жылы жүзін, күлімсіреген көз жанарын, көңіл-күйінің жайдары, жайсаң болуын тілейді. Осы қалыпты ұстаған ата - ананың баласы ешқандай психологиялық ауытқушылыққа ұрынбайды. Психологиялық денсаулықтың дұрыс дамуы көңіл-күйге байланысты деуге де болады.

Ұялшақ, тұйық балаларды қалай айқындауға болады. Мұндай балалар табиғатынан



үндемейді, көзін үнемі төмен салып жүреді, иығы еңкіш тартып тұрады, бір нәрсе айта қалсаң қалтырап кетеді, сөйлегенде ешқашан бетіңе тура қарамайды, тіпті қарапайым сұрақтардың өзіне әрең жауап қайтарады.

Олар көбінесе, өз сезімдерін көпшілік алдында көрсетпейді, ішінен уайымдайды, жалғыздықты сезінеді, торығу сезімі басым болып келеді.

Оларға абыржу, сасу, қысылу, ұялу, өзін болмашы нәрсеге кінәлі сезіну тән.

Кейбір балалар табиғатынан ұяң болмауы мүмкін, олар топ бастауға құмартып тұрады, бірақ оны басқара алмағандықтан, өзін көрсете алмағандықтан, үндемей, ешкімге қосылмай, тұйықталып жүреді.

Жалпы біз балажан халық болғанымызбен, оны тұлға деп танып, ақыл иесі ретінде қабылдай бермейміз. Біздің ойымызша, баламыз біздің айтқанымызды істеп, айдағанымызбен жүретін, әлі ақыл-есі тола қоймаған тіршілік иесі дейміз де, бірақ талап қоюға келгенде қатайып кетеміз. Сол талаптың мүддесінен шыға білмесе, баламызды жер қылып жасытамыз.

Кейбір ата-аналар баланың ішкі жан-дүниесіне үңілмейді, тіпті оның қажеттіліктері мен сұраныстарына назар да аудармайды. Мұндай жағдайларда бала өзін ата-анасына еш керексіз сезінеді, бірақ олардың қоятын талаптарынан қорқады. Бала бойын жайлаған қорқыныш оның ересектер алдында өтірік айтуға, алдауға

итермелейді. Олар ересектерге қарсы шықпауға бейімделеді, олардың іс-әрекеттері ата-анасына ұнамай жатады немесе сынға ұшырайды. Осы кезде ересектер балаға орынды, орынсыз кінә тағады. Өзін ешкім түсінбей және онымен қоймай жала жапқандығы кейбір баланың мінезінің тұйықталып, жасқаншақ болуына әкеп соқтырады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда адамдарға сеніммен қарау балаға қажетті аса маңызды қасиет. Осы кезде бала да үлкендердің талап-тілегінен шығуға деген тырысушылық, үлкендердің көзіне түсуге деген талпыныс байқалады. Бала үлкендерге ұнауға талпыныс білдіре отырып, мінез-құлық ережелерін орындауға ұмтылады. Осы ұмтылыс барысында оның бойында ар-ұят сияқты адамгершілік сезім пайда болады.

Өз пікірін айтуға жасқаншақтанады. Себебі өзгелердің алдында күлкіге ұшыраймын, мазаққа қаламын деп қорқады. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған нәрсе емес. Ол қоғамның, заманның бағыт-бағдарымен, тыныс - тіршілігімен бірге жүріп отырады. Ендеше тәрбиеленушілердің таным - түсінігін, іс-әрекетін қалыптастыруда бірқатар жұмыс жүргізуді қажет етеді.





*Пальчуковская Ольга Ивановна
Северо-Казахстанской области,
Кызылжарского района,
КГУ «Пресновская средняя школа»*

ДЕТСКО-РОДИТЕЛЬСКИЕ ПРОЕКТЫ КАК СРЕДСТВО ПРИВЛЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ К ВЗАИМОДЕЙСТВИЮ С ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИЕЙ

Требования, предъявляемые к современному образовательному учреждению, ставят перед необходимостью изменения не только форм и методов в обучении и воспитании, но и характера и форм взаимоотношений образовательного учреждения с внешней средой, в том числе и семьёй, как одним из наиболее важных институтов партнерских взаимоотношений. Современные родители в большинстве случаев имеют достаточно высокий уровень образованности, зачастую грамотны и подкованы в вопросах воспитания детей. Поэтому, если раньше позиция образовательного учреждения определялась как наставничество, и основной задачей было воздействие на родителей с целью их просвещения, то на сегодняшний день встала необходимость изменения этой позиции на сотрудничество, которое предполагает паритетные отношения, рассматривающие семью и образовательное учреждение как равноправных партнёров в решении важных для обеих сторон вопросов. В связи с этим речь должна идти не о наставничестве (воздействии), а сотрудничестве (взаимодействии).

Взаимодействие в образовательном процессе - это система взаимообусловленных контактов в единстве социальных, педагогических и психологических связей (Ю.Ю. Рублёва). Для организации такого взаимодействия необходимо использование форм, позволяющих стать родителям активными участниками взаимодействия. Этим обусловлен поиск новых эффективных форм организации взаимодействия с родителями, одной из которых является проектная деятельность.

Проектная деятельность является результативной формой взаимодействия образовательной организации с родителями, так как предполагает активное включение родителей в образовательный процесс за счёт постановки и решения проблем в ходе выполнения детско-родительских проектов.

Особенность детско-родительского проекта заключается в том, что в осуществлении проекта принимают участие дети, родители, педагоги, где родители являются не только источниками информации, а выступают реальными помощниками ребенка и педагога. В процессе работы над проектом родители становятся непосредственными участниками

образовательного процесса, обогащают свой педагогический опыт, испытывают чувство сопричастности и удовлетворения от своих успехов и достижений ребенка.

Для наиболее результативного использования детско-родительских проектов необходимо выделить педагогические условия организации взаимодействия образовательной организации с родителями.

Первое условие - разработать комплекс детско-родительских проектов, способствующий включению родителей в основные виды деятельности детей в образовательном учреждении.

Комплексная реализация работы по организации взаимодействия образовательного учреждения с родителями предполагает разработку серии детско-родительских проектов на материале различных областей деятельности (учебная, внеучебная, игровая, досуговая и др.), и носят надпредметный характер. Посредством использования комплекса детско-родительских проектов, родители не только знакомятся с содержанием различных видов деятельности детей в образовательном процессе, но и непосредственно включаются в основные виды деятельности. Это способствует развитию не только у детей, но и у родителей интереса к совместному творчеству, желания проявить себя и оказать посильную помощь образовательному учреждению.

Второе условие - проектная деятельность строится как поэтапный процесс, в котором дети и их родители целенаправленно вовлекаются в решение проблемной ситуации. Одним из условий успешности проектной деятельности является решение проблемной ситуации, которая заключается в выявлении возможности. Поэтому на первом этапе, перед началом работы над детско-родительским проектом, существенным является создание проблемной ситуации, которая направлена на поиск недостающего нового (новых знаний, способов действия, выявления возможности применения

известных способов в новых условиях).

Создание проблемных ситуаций при выполнении проектной деятельности необходимо для того, чтобы привлечь внимание детей и родителей к вопросу, возбудить у него интерес к деятельности, мотивы деятельности. Поставить их перед практической проблемой, которая требует решения. Необходимо показать значимость проблемы.

Третье условие - детско-родительские проекты ориентированы на установление отношений сотрудничества, сотворчества взрослых и детей на всех этапах проектной деятельности. Сотрудничество со взрослыми является неотъемлемым компонентом проектной деятельности дошкольников, и оно является одним из условий сотрудничества семьи и образовательного учреждения. Такое построение работы даёт возможность каждому ребёнку и родителю выступать в роли субъекта деятельности и активно участвовать в ней. Именно такая деятельность способствует формированию положительной мотивации к осуществлению взаимодействия родителей с дошкольной организацией. Кроме того, развитию взаимодействия через проектную деятельность способствует установление отношений сотрудничества, сотворчества взрослых и детей на всех этапах работы.

Данные условия были выделены на основании того, что, во-первых, предполагают организацию совместной деятельности «педагог-ребёнок-родитель» на основе сотрудничества; во-вторых, позволяют осуществить работу по организации взаимодействия в комплексе, объединяя усилия образовательного учреждения и семьи; и, в-третьих, предполагают восприятие каждого из участников взаимодействия как активного субъекта деятельности.

Таким образом, проектная деятельность - это продуктивная деятельность, которая является результативным средством организации сотрудничества образовательного учреждения и родителей.

НЫСАНА



ОБЪЕКТИВ



*Байжанова Гулсим Муханбеткалиевна
«Бегім ана» балабақшасының әдіскері
Қызылорда қаласы*

ЖАПОНИЯДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жапония – техника мен технологиядан ғана немесе білім беру саласы бойынша да әлемде алғашқы орынды иеленген табысты ел. Жан-жағының бәрі айнала судан тұрса да ғылымын, соған сәйкес экономикасын, архитектурасын, медицинасын, әлеуметтік жағдайын жоғары жетістіктерге жеткізіп отыр. Кез келген саланы көтеретін білікті мамандар, оларды дайындайтын әрине білім саласы. Осыдан-ақ Жапониядағы білім саласының жүйелі, жақсы жолға қойылған бағамдай беруге болады.

Бала тәрбиесі

Жапондықтар бала тәрбиесін бәрінен бірінші орынға қояды. Ертеде жапон әйелдері көп жұмыс істеген. Сондықтан бала тәрбиесіне уақыт тапшы болып, олар бала бағуды өз жұмысын бір уақытта қатар атқарған. Балаларын арқаларына не кеуделеріне матамен байлап алып, егістікте жұмыс істеген, басқа да үй тірліктерімен айналысқан. Жұмыс барысында әлі тілі шықпаған баласына өзінің істеп жатқан жұмысын айтып, баламен сөйлесіп жүрген. Бұл

баланың зерек боп өсуіне үлкен әсерін тигізген. Сондықтан көбіне жапон балалары алдымен сөз үйреніп, сосын барып жүре бастаған. Кішкентай баланы арқаға таңып алып, өзімен бірге алып жүру бүгінге дейін жеткен дәстүр іспетті. Жапония дүкендерінде баланы бірге алып жүруге ыңғайлы киімдер толып тұр. Оның үлкен қалтасы, арнайы орамасы бар. Бұл елде тек әйелдер емес, еркектер де бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөледі. Сондай-ақ баланың бауырлары да бөбекке үлкен жанашырлықпен қамқорлық танытады. Бұл тұрғыда жапондар мен қазақтардың ұқсастығын байқаймыз. Жапондар балаларын «мәдениетті бол, ешкімге кедергі келтірме, тыныш жүр, бәрімен бірдей қарапайым бол» деп өсіреді. Сондай-ақ олар сезімін сөзбен емес, дауыс ырғағымен жеткізеді. Егер бір нәрсеге көңілі толмаса, оны көзқарасы мен дауыс ырғағы арқылы білдіреді. Сондықтан ата-анасының өзіне ренжігенін байқаған бала тез сабасына түсіп, жіберген қателігі үшін кешірім сұрауға асығады.

Балаларды ерте жастан дамыту

Жапондықтар – ерте жастан дамытудың



қажеттігі туралы айтқан алғашқылардың бірі. «Таланттарды оқыту» мекемесінің директоры және әлемге әйгілі «Сони» фирмасын ашқан Масару Ибуканың «Үштен кейін кеш» атты кітабы Жапон педагогикасына төңкеріс жасады. Кітапта алғашқы үш жыл бала өмірінің негізі екені айтылған. Автор осы еңбегіндегі алғы сөзінде: «Біз балаларды үш жастан кейін неге үйрету керектігіне көп көңіл бөлеміз. Бірақ осы жастағы балаларға жүргізілген жаңа зерттеуге сәйкес бас миындағы клеткалардың дамуы 70-80 пайызға дейін жеткен, орындалып біткен. Бұл бізге күшімізді үш жасқа дейінгі баланың миын дамытуға жұмсауға тиіс екенімізді айқындамай ма?» – деп өзінен бастап барша қоғамға сауал тастай келе, осы кітабын аналарға арнағанын айтады.

Байқасаңыз, біздің елде де 3 жасқа дейінгі балалар мектепке дейінгі ұйымдармен толық қамтылмаған, демек бұл балалармен бастысы аналар айналысып отыр деген сөз. Сондықтан балаларды ерте жастан дамытуда Үкіметтің, мамандардың ата-аналармен жүргізілетін жұмысы маңызды.

Кішкентай балалар барлығына тез үйренеді. Бала тәрбиесінде келесі ұстанымдарды сақтау қажет: баланың қызығушылығына қарай танымын кеңейту, мінезін тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін және түрлі дағдыларын дамыту. Осыған орай, баланы

данышпан емес, терең ойлы, дені сау, қамқор болып өсуі үшін білім береді.

Балабақша түрлері

Жапонияда балабақшалар мемлекеттік және жекеменшік болып бөлінеді. Хойкуэн – балаларды 3 айлығынан бастап қабылдайтын мемлекеттік балабақша. Ол таңертеңгі сағат 8-ден кешкі 8-ға дейін және сенбіде жарты күн жұмыс істейді. Мұнда баланы орналастырудың қатаң тәртібі бар, ата-аналардың екеуі де 4 сағаттан аса жұмыс істейтінін дәлелдейтін құжат тапсыру керек. Балалар тұрғылықты жері бойынша орналастырылады. Ал ең ерекше заңдылықтарының бірі төлемақы отбасының кірісіне байланысты есептеледі.

Балабақшаның тағы бір түрі – етиэн. Мұндай балабақшалар мемлекеттік те жекеменшік те болуы мүмкін. Балалар бұл жерде әдетте таңертеңгі 9-дан түскі 2-ге дейін 7 сағаттан артық болмайды, ал аналары күніне 4 сағаттай жұмыс істейді.

Жекеменшік балабақшалар ішінде беделді университеттер қамқорлығындағы элиталық балабақшалардың алар орны ерекше. Егер балақай мұндай балабақшаға баратын болса, оның болашағы жарқын болады деп есептейді. Белгілі бір жасқа келгенде бала университет мектебіне ауысады, сосын ол жерден университетке емтихан тапсырмай-ақ түседі.

Жапонияда білім беру саласында нағыз

бәсекелестік бар. Университетте алған дипломы министрлікте немесе әлдебір атакты фирмада қомақты еңбекақы төленетін қызметке орналасуына кепілдік береді. Бұл өз кезегінде мансапқа қол жеткізіп, материалдық жағдайды жасауға болады деген сөз. Сондықтан беделді университет жанындағы мұндай балабақшаға орналасу өте қиын. Ата-аналар балаларын мұнда орналастыру үшін қомақты қаражат төлейді, ал балақайдың өзі мұнда қабылдануы үшін аса күрделі тестілеуден өтеді. Жапондық тәрбиешілер балаларды өзара қарым-қатынасқа үйрету үшін оларды шағын топтарға бөледі, бұл топ мектепке дейінгі білім беруде аса маңызды, айрықша ерекшелік. Бұл топтар балалардың қабілеттеріне қарай емес, олардың іс-әрекеттерінің тиімділігіне қарай құрылады.

Мектепке дейінгі білім беру

Жапон аналары әдетте балалары 3-ке толғанша үйде отырады. Сонан соң оны балабақшаға береді. Жапонияда бөбекжайлар бар, бірақ кішкентай баланы онда тәрбиелеу қарастырылмайды. Олардың түсінігінде баланы ана тәрбиелеу керек. Баланы бөбекжайда қалдырып, өзі жұмысқа кететін аналарды бірінші орынға отбасын емес, жеке қызығушылықтарын қоятын өзіміз деп есептейді.

Балабақшалардағы топтар 4-8 адамнан тұрады. Әр жарты жыл сайын ондағы құрам жаңарып отырады. Бұл балалардың әрқайсысына үлкен мүмкіндіктер беру үшін жасалған.

Балалар бір адамға қатты бауыр басып қалмау үшін тәрбиешілер де жиі ауысады. Бір тәрбиеші баланы ұнатпаса, келесі бірі онымен жақсы қарым-қатынаста болады. Сонда бала ересектердің бәрі оны жек көреді деп ойламайды.

Балалар балабақшада оқуға, жазуға, сануға үйренеді, яғни мектепке дайындалады. Егер бала балабақшаға келмесе, мектепке дайындықпен анасы немесе арнайы «мектептер» айналысады. Алайда жапон балабақшасының негізгі мақсаты – білім беру емес, тәрбиелеу: баланы қоғамда өзін-өзі ұстауға үйрету. Алдағы өмірде оған үнемі қандай да бір топта болуына тура келеді, сондықтан бұл аса қажет болады. Балалар ойын кезіндегі туындаған шиеленістерді талдауға үйренеді. Жапондықтардың ойынша, шиеленістердің ең оңтайлы шешімі – компромисс. Жапонияның ескі Конституциясында азаматтың басты артықшылығы – кикілжіңнен аулақ жүруі. Балалардың кикілжіңіне араласпау керек, бұл

оларды ұжымда өмір сүруді үйренуіне кедергі келтіреді деп есептейді.

Хор айту оқыту жүйесінде маңызды орын алады. Жеке әншіні дайындау жапон түсінігінде тәрбиелеуге жатпайды. Ал хор айту өзін ұжымның бір мүшесі ретінде сезінуге тәрбиелейді.

Әннен кейін қимылды ойындардың кезегі: эстафеталар. Тәрбиешілер балалармен бірдей ойнайды.

Балабақша шамамен айына бір рет толық күнге саяхатқа жіберіледі. Орындар әртүрлі болуы мүмкін: таяу маңдағы тау, зообақ, ботаникалық бақ.

Балалардың шығармашылығына көп көңіл бөлінеді: сурет салу, аппликация, оригами, т.б. Бұл сабақтар иероглифтерді жазуда оқушы атанғанда қажет болатын ұсақ қол моторикасын жақсы дамытады.

Жапонияда балаларды бір-бірімен салыстырмайды. Тәрбиеші де балалардың үздік немесе нашар екенін ешқашан айтпайды. Олардың ата-аналарына да балаларының басқалардан нашар сурет салатынын немесе қатты жүгіре алатынын сөз қылмайды. Баланың ешбірін ерекшелемейді.

Еліміздегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 100 жылдық тарихы бар, солай бола тұра бұл сала үнемі ізденуді, жаңаруды, жандандыруды, дамуды қажет етеді. Өйткені ол ұрпақ, адам қалыптастырумен айналысады. Осы орайда білім саласында айтарлықтай жетістіктерге жеткен елдердің тәжірибесін, белестерді бағындырудағы құпиясын алуға болады. Бұл бізді жан-жақты жетілдіруге, өзіміз қызмет етіп отырған саланы дамытуға бастайды.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ТІЛГЕ ҮЙРЕТУ

*Ж.Борашева
№ 4 ясли-бақшасының әдіскері
Талдықорған қаласы*

Казақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласында саясаты айқындалды.

Елбасы «балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға» шаралар қабылдау қажеттігін көрсетті. Көрсетілген үш тілдің әр қайсысы кез-келген салада өзінің қолданыс мүмкіншілігін барынша ашуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді үйрену және оны қолдануда жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу осылайша оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы мол. Қазіргі біздің республикамыздың басқа

мемлекеттермен қарым- қатынасы артып отырған шақта елімізге үш тілді меңгерген, өз білімін түрлі саладағы қарым- қатынас жағдайында пайдалана алатын тұлға қажет.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде үш тілді оқыту технологиясының әр- түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып терең білімді, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән беріледі және олардың есте сақтау қабілетін жетілдіре отырып еркін сөйлеуге, өз ойын айту дәрежесіне жеткізу. Яғни, үш тілде қазақ, орыс, ағылшын тілінде оқытуда оқытудың жаңа технологияларын қолдау арқылы терең білім берілуінде. Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі- жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір оқыту технологиялары өзіндік жаңа әдіс- тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс- тәсілдерді педагогтың ізденісі арқылы баланың қабілетін, қабылдау деңгейіне қарай ерекшеленіп бүлдіршін жүрегінен орын алады. Педагог өзінің шеберлігіне қарай жаңа оқыту технологияларын үйлестіре білуі керек. Әрбір жаңа технологияларды бір- біріне ұштастыра



үйлестіру арқылы сапалы білім деңгейін көтеруге жете алады. Білім берудің озық технологияларын меңгермейінше, салауатты әрі жан- жақты болу мүмкін емес. Әр педагог алдында оқыту мен білім берудегі жаңалықтарды жылдам қабылдап, оларды практикада қолдануда үлкен белсенділік таныту- әрбір педагогтың міндеті.

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін үш тілде білім беруде төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр:

- компьютерлік техниканы интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды
- интербелсенді құралдарды
- электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Яғни, жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологиялар - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудағы негізгі құрал компьютер және интербелсенді тақта болып табылады. Интербелсенді тақта - білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін аса маңызды құрал.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де бала үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады.

Олай болса, барлық оқу іс-әрекеттерін компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді өз балабақшамызда- бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі деп тәжірибеде қолданудамыз. Интербелсенді тақта өзінің аты айтып тұрғандай тәрбиеші мен бала арасындағы белсенді қарым-қатынасты қалыптастырады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізеді. Алдын- ала дайындалған презентациялар, графикалық сызбалар, мәтіндік ақпараттар, бейне және аудио материалдар, алдын ала үйлестірілген жаңа оқу іс-әрекетті меңгертуге арналған логикалы, дидактикалық ойындармен баланың тілге деген қызығушылығын оятуына аса мән береміз. Әрине тәжірибе көрсеткендей компьютерлік жүйе қолданылатын оқу іс-әрекет педагогтың орнын баспайды, керісінше бала мен педагог арасындағы қарым- қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. Мектепке дейінгі баланың дамуына, қабілетінің артуына, ақпараттық технологиялар білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Үш тілде оқытуда баланың қызығушылығын ояту басты мәселе. Сол себепті ақпараттық технологияны пайдалану барысындағы маңыздылығы:

- 1) біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады;

2) екіншіден зейін қойып көрумен қатар, түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді;

3) сонымен қатар бүлдіршінің білім алу кезеңінде оқу іс- әрекетіне сын тұрғысында ойлау, ой толғаныс белсенділігін арттыра түседі.

Біз өз тәжірибемізде ағылшын, орыс тіл сабағында жаңа ақпараттық технологияларды ішінде интерактивті тақтаның тиімділігі мектепке дейінгі жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлығын туғызады. Сонымен қатар бүлдіршіндердің сөздік қорын молайтуына, дыбыстарды дұрыс айтуды, сөйлеу тілінің грамматикасын, қалыптастыру, диалогтік сөйлеуді қалыптастыру, дүниетанымын қалыптастыру, ой өрісін кеңейтуде пайдаланатын ең тиімді программалардың бірі ол төмендегідей: педагогтың қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі, және ол баланың түрлі қабілетін ашады.

Балабақшада интерактивті тақта арқылы тілге оқытудың негізгі элементтерінің бірі- сөздік жұмысын жүргізу, бүлдіршіндердің сөздік қорын байытуда ерекше орын алады.

Үш тілде үйретуде барысында интерактивті тақтаның көмегімен диалогтік оқыту әдісін қолдана отырып, бүлдіршіндердің сөздік қорын молайту көзделеді. Бүлдіршіндердің сөздік қорын молайтуда жұптық, топтық жұмыстардың баланың жауабын түзетуге көмектесу үшін, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалдарға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау, толығырақ жауап беруге итермелеу сияқты әдістер қолданылады.

Баланың күнделікті жиі пайдаланатын заттарын кітапхана қорынан көрсету арқылы оны атауын (түстер, киім-кешек, ыдыс-аяқ, жеміс-жидектер, отбасылар мүшелерін, үй жануарлар, жабайы аңдар т.б) меңгереді. Диалогтік сөйлеу білігін меңгерген балалар: айналадағы адамдармен қарым-қатынасты жеңіл жасайды. Сұрақ қояды, қойылған сұрақтарға жауап береді, құрбыларының жауаптарын тыңдайды, ортақ сұхбатта ынталылық танытады,

әңгімелесушінің сөзіне кедергі келтірмей сөзін тындап содан кейін сөйлейді, әңгімелесу барысында тәрбиешінің көмегіне жүгініп қойылған сұрақтың мәтініне байланысты түрлі типтегі сөйлемдерді қолданады.


Күтілетін нәтиже: жаңа ақпараттық құралдары тіл үйрету барысында қолдану балалардың:

- қызығушылығын арттырады;
- жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- тәрбиеші мен баланың қарым-қатынастарын көтереді;
- тілін, және басқа қабілеттерін тексеруге мүмкіндік тудырады.


Қорыта келгенде тіл үйретуде компьютер, жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану педагог үшін тиімді, ол оқыту нәтижесінің сапасын арттырады.



БАЛА-МЕДИА



МЕДИА-РЕБЕНОК



Қыдырмоллаева Раушангүл Төлегенқызы
№ 16 «Балдәурен» балабақшасының
тәрбиешісі
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы

БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛЫ

Казіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық ұжымдары инновациялық технологияларды жұмысқа қарқынды енгізуде. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі міндеті – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын, инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау.

Педагогикалық технологияның маңызды жағы баланың тәрбие-білім беру процесіндегі ұстанымы, үлкендер тарапынан балаға қарым-қатынасы болып табылады. Ересек адам балалармен қарым-қатынаста: «Қасында емес, бірге!» қағидасын ұстанады. Оның мақсаты – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Мен жұмыс тәжірибемде қолданатын тәсіл, ол – бала портфолиосын жинау.

Мектеп жасына дейінгі баланың портфолиосы Портфолио – бұл әртүрлі қызмет түрлеріндегі баланың жеке жетістіктерінің жиынтығы, оның жетістіктері, жағымды эмоциялары, өз өмірінің жағымды сәттерін тағы да бастан өткізу мүмкіндігі, бұл бала дамуының өзіндік бағыты. Жұмыс тәжірибемде бірқатар портфолио функцияларын пайдаланамын:

- диагностикалық (белгілі бір уақыт кезеңінде өзгерістер мен өсуді белгілейді);
- мазмұнды (орындалатын жұмыстардың

барлық спектрін ашады);

- рейтингтік (баланың шеберлігі мен дағдыларының ауқымын көрсетеді) және т.б.

Портфолио жасау процесі педагогикалық технология болып табылады. Портфолио нұсқалары өте көп. Бөлімдер мазмұны біртіндеп, мектепке дейінгі баланың мүмкіндіктері мен жетістіктеріне сәйкес толтырылады. Мысалы, Мысалы, бірінші бөлім «Кел, танысайық». Бөлімде баланың фотосуреті орналастырылады, оның тегі мен аты, топ нөмірі көрсетіледі; «Мен жақсы көремін...» немесе «Маған ұнайды...» айдарын енгізуге болады, онда баланың жауаптары жазылады. Бұл парақша толтырылғаннан кейін «Мен өсіп келемін!» парақшасына көшеміз. Бөлімге антропометриялық деректер енгізіледі (көркем-графикалық орындаудағы): «Мен осындаймын!», «Мен қалай өсеіп келемін», «Мен өстім», «Мен үлкенмін». «Менің баламның портреті» бұл бөлімде ата-аналардың өз баласы туралы шығармалары орналастырылады. Шығармалар формасы әртүрлі: проза, поэзия, сурет. «Мен армандаймын...» мұнда баланың өз сөз тіркестерін жалғастыру ұсынысына пікірлері тіркеледі: «Менің арманым ... туралы», «Мен ... болғым келеді», «Мен өзімді ... көремін», «Мен өзімді ... көргім келеді», «Менің сүйікті істерім ...»; сұрақтарға жауаптар: «Кім және қалай боламын, қашан өсемін?», «Мен

не туралы ойлауды ұнатамын?». «Мен жасай аламын» - баланың шығармашылық үлгілері (суреттер, әңгімелер, қолдан жасалған кітаптар) орналастырылады. «Менің жетістіктерім» - грамоталар, дипломдар тіркеледі (әртүрлі ұйымдардан: конкурстар өткізетін балабақшалардан, БАҚ). «Маған кеңес беріңіз...» - ата-аналарға тәрбиеші және баламен жұмыс істейтін барлық мамандардың ұсыныстары беріледі. «Сұраңыздар, ата-аналар!» - бөлімде ата-аналар мектепке дейінгі ұйым мамандарына өз сұрақтарын тұжырымдайды. Ата-ана өзін толғандыратын сұрақтарды жазып кете алады.

Портфолионы балабақшада да, үйде де толтыруға болады және баланың туған күнінде шағын-презентация ретінде ұсынуға болады. Мысалы, бала туралы ақпарат қамтылған титулдық парақ (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні), портфолио жүргізудің басталу күні мен аяқталу күні белгіленеді, портфолио жүргізу басталған кездегі баланың алақанының бейнесі және портфолио жүргізу аяқталған кездегі алақанының бейнесі.

Сонымен қатар портфолиода баланың туған күндерінде әр жылдары жасалған портреттері жүйелі түрде желімделетін «Мені тамашалаңыздар» атты қосымша парақтар бар, баланың туған уақыты мен жері туралы, баланың есімінің мәні туралы, оның туған күнін мерекелеу күні туралы ақпарат, неге бұл есім таңдалғаны, тегі қайдан шыққаны туралы ата-аналардың шағын әңгімесі, атақты аттастар мен танымал бір тектілер туралы ақпарат, баланың дербес ақпараты (жұлдызшасы, жұлдыз жорамалы, тұмар және т.б.) бар. Онда «Өсу динамикасы» атты қосымша парақ қамтылады, онда бала өмірінің бірінші жылынан бастап өсуі туралы ақпарат беріледі және баланың өткен жылы қанша сантиметрге өсіп, неге үйренгенін, мысалы беске дейін санау, айналу және т. б. көрсетілген «Менің бір жылғы жетістіктерім» парақшасы бар. «Менің отбасым» - бұл бөлімнің мазмұнына отбасы мүшелері туралы қысқаша әңгімелер кіреді (жеке мәліметтерден басқа, мамандықты, мінез-құлқының ерекшеліктерін, жеке сабақтарды, отбасы мүшелерімен бірге уақытты өткізудің ерекшеліктерін атап өтуге

болады).

Портфолиода жыл мезгілдеріне де парақша арналған «Қысқы (көктемгі, жазғы, күзгі) шабыт», бұл бөлімде балалардың жұмыстары (суреттер, ертегілер, өлеңдер, таңертеңгіліктен алынған фотосуреттер, таңертеңгілікте бала айтқан өлеңдердің жазбалары және т. б.) орналастырылады.

Сондай-ақ, портфолионың белгілі бір құрылымын ұсынуға болады:

«Ата-аналардың ақпараты», онда «Танысайық» айдары бар, онда бала туралы мәліметтер, оның ата-аналарының өздері белгілеген жетістіктері бар.

«Педагогтардың ақпараты» балабақшада болған кезде оның төрт негізгі бағытта: арнайы байланыс, коммуникативтік қызмет, әртүрлі ақпарат көздерін өз бетімен пайдалану және осындай қызмет туралы педагогтардың бақылаулары туралы ақпараттан тұрады.

«Баланың өзі туралы ақпараты» баланың өзінен алынған ақпараттан тұрады (суреттер, ойындар, бала өзі ойлап тапты, өзі туралы, достары туралы әңгімелер, марапаттар, дипломдар, грамоталар).

Жаңа педагогикалық технологиялар мектеп жасына дейінгі баланың жетістіктеріне және болашақта олардың мектепте табысты оқуына кепілдік береді.



ҮЗДІК ТӘЖІРІБЕ



ЛУЧШИЙ ОПЫТ



*Умарова Эльмира Илесовна
огопед-дефектолог частного
детского сада
«Еркем-Ай», Алматинская область*

СЕЙТЕ ВЕЧНОЕ, МУДРОЕ, ДОБРОЕ...

Долгие годы система отечественного образования делила детей на обычных и инвалидов, которые практически не имели возможности получить образование и реализовать свои возможности наравне со здоровыми детьми. Их не брали в дошкольные организации, где обучались нормальные дети, школы также не были готовы к инклюзивной практике.

Эта норма регулируется в республике Конвенцией о правах инвалидов, подписанной Казахстаном в 2008 году, Конституцией РК, Законом РК «Об образовании» и требованиями Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения.

Международный опыт (США, Великобритания, Финляндия, Швеция, Япония, Германия, Польша и др.) по внедрению инклюзивного образования открыл новые возможности для детей с особыми потребностями при участии и поддержке государства. Совместное (инклюзивное) обучение признано всем мировым сообществом как наиболее гуманное и наиболее эффективное.

Обучение детей с ООП среди нормально развивающихся сверстников, дает возможность ребенку с ООП чувствовать себя обычным, таким

же, как его друзья, сверстники. Мы должны помнить, что каждый ребенок имеет право получать уровень знаний с его возрастными и индивидуальными особенностями.

Каждый ребенок уникален, он имеет свои особенности, интересы, способности и учебные потребности.

Детский сад «Еркем-Ай» внедрил процесс инклюзивного образования в свою систему воспитания и обучения.

В октябре 2017 года к нам был зачислен ребенок с диагнозом ДЦП. С явными нарушениями мелкой и крупной моторики, без навыков самообслуживания. Мальчик не мог самостоятельно передвигаться. Большая роль в адаптационный процесс принадлежит воспитателю, психологу и всей команде педагогов дошкольной организации. За короткий срок команда специалистов детского сада «Еркем-Ай» достигли определенных результатов. Теперь ребенок ходит без посторонней помощи, поведение стало более адекватным. Ребенок начал смотреть в глаза, реагировать на обращенную речь, выполнять просьбы: подать, отнести, поставить. Родители отмечают, что у ребенка появился концентрированный взгляд, интерес к окружающему миру, улучшилось

общее психоэмоциональное состояние.

Дети с особыми образовательными потребностями чувствуют себя в обществе сверстников «особыми». И данный факт остается пока проблемой в работе с родителями.

Опыт развитых государств показывает, что детей с ООП нельзя отделять, так как социализация их может осуществляться лишь в коллективе сверстников. Они должны посещать обычные дошкольные организации, наряду с обычными детьми. Родители не должны скрывать диагнозы своих детей, чем раньше начнется коррекционная работа, тем проще такой ребенок интегрируется в здоровое общество.

Среди нововведений в ГОСДВО (приказ МОН РК от 31 октября 2018 года № 604) имеется пункт 3, в котором регламентированы требования: «В дошкольных организациях и предшкольных классах организаций среднего образования предусматривается воспитание и обучение детей с особыми образовательными потребностями в количестве не более трех человек на каждый возраст. При наличии в группе детей с особыми образовательными потребностями комплектование группы осуществляется в соотношении три воспитанника на одного ребенка с особыми образовательными потребностями». Данное требование ГОСДВО показывает о положительном факте внедрения нашей системы дошкольного воспитания и обучения в мировое образовательное пространство. Даже если один ребенок с ООП будет в детском саду, мы должны помочь ему социализироваться в обществе. Тогда это и будет общество здоровых людей имеющих морально – нравственные ценности.





*Маканова Гульнар Канатована,
методист детского сада-гимназии №9
«Радуга»
г.Экибастуза Павлодарской области*

ВНЕДРЕНИЕ STEM-ОБРАЗОВАНИЯ В ДЕТСКОМ САДУ – ГИМНАЗИИ

В этом учебном году детский сад – гимназия № 9 «Радуга» начинает внедрять элементы STEM-образования в систему образовательного процесса. Лишь немногие родители сегодня имеют четкое представление о том, что такое STEM-образование. А вместе с тем STEM-образование, наиболее полно соответствующее термину «образование по естественно - научным и техническим специальностям», сегодня является, пожалуй, чуть ли не самой актуальной темой в мировой образовательной повестке дня (от дошкольных учреждений до университетов).

Первым шагом на пути внедрения STEM-метода является поощрение любознательности и исследовательских навыков воспитанников во время учебно-воспитательного процесса. Для организации учебной деятельности нашим воспитателям пришлось пересмотреть свой подход и функцию, сменив роль воспитателя-авторитета на роль со-ученика и дать больше свободы маленьким исследователям в наблюдении и обсуждении, вооружившись терпением и ответами на многочисленные уточняющие вопросы «Почему?», «Для чего?», «Как?».

Одним из элементов внедрения STEM-метода станут экспериментальные модули, интегрированные в тематику образовательной

программы. Экспериментируя с предметами, малыши узнают также все об истории и свойствах бумаги, совершают путешествие в мир стеклянных предметов, узнают, что такое легкая пластмасса и ткань, и о многих других предметах. Работа с каждым из объектов строится по принципу описания его свойств методами эксперимента; тренировкой и заучиванием новых, более сложных слов, характеризующих предметы и их свойства. Например, ткань - мягкая, мнущаяся, линяющая, шуршащая, приятная на ощупь. Увеличение словарного запаса у детей и его правильное применение в речи подтвердило эффективность такой системы на всех этапах эксперимента: при формулировании цели, во время обсуждения методики и хода опыта, при подведении итогов и словесном рассказе об увиденном, умении четко выразить свою мысль. Таким образом, у детей развивается диалогическая речь, они учатся работать сообща, уступать друг другу, отстаивать свою правоту или признавать правоту других ребят в группе.

Экспериментально-опытная деятельность воспитанников дошкольного учреждения развивает и элементарные математические навыки - одну из составляющих STEM-системы. Во время проведения опытов постоянно возникает необходимость считать, измерять, сравнивать, определять форму и размеры. Все



это придает математическим представлениям реальную значимость и способствует их осознанию.

Одной из главных задач педагогов станет обучение детей нахождению в знакомых предметах неизвестных свойств, а в незнакомых, наоборот, давно знакомых и понятных. И все это в непринужденной и увлекательной атмосфере игры, в ходе которой развиваются воображение и техническое творчество детей.

Внедрение STEM-метода в нашем детском саду рассматривается всем педагогическим коллективом как предстартовая площадка для научно-технических исследований, которые будут проводить дети уже в стенах школы. Мы верим, что использование STEM-метода заложит основы инженерного мышления и научно-технического творчества, сохранит у наших маленьких воспитанников любознательность и вдохновение исследователя на всю жизнь.

